**Бекітемін**
**Астана қаласы әкімдігінің**
**«Әдістемелік орталығы» МКҚК**
**басшысы ____________ Дауешова С.М.**
**«__9__» ___07___ 2025 ж.**

**«Заманауи мектеп көшбасшысы» жас мектеп директорлары үшін**
**ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Жас мектеп директорларына арналған Байқау (бұдан әрі-Байқау) білім беру ұйымы басшыларының көшбасшлық қаблеттері мен мектепті тиімді басқарудағы кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында өткізіледі.

1.2. **Байқаудың міндеттері:**

- Білім беру ұйымын басқарудағы басшы бейнесі мен басқару идеяларын пайымдау.
- Деректер негізінде мектепті дамытуды стратегиялық басқару.
- Мектеп басшысының іскерлік ойлау дағдысы мен зерттеу тәжірибесін тарату

1.3. Жас басшылардың өзгерістер енгізу жағдайындағы көшбасшылық және оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағдарланған, жайлы білім ортасын құрудың еі үздік жобаларын қолдау.

1.4. **Байқауды ұйымдастырушы:** Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.

**2. Байқауға қатысушылар**

2.1. Байқауға жалпы орта білім беру ұйымының басшысы лауазымында жұмыс тәжірибесі бар **1-5 жыл аралығында еңбек өтілі** бар мектеп директорлары қатыса алады.

2.2. Байқау бағыттарының біріне қатысты тұлғалық және кәсіби даму бағытын, мектепті өзгерту, мектепті дамытудың стратегиялық жоспарын дамуға бағытталған жобалардың болуы.

**3. Байқау бағыттары**

**3.1. Трансформациялық көшбасшылық**

- Білім беру жүйесідегі өзгерістерді трансформациялау, өзгерістер теориясына сәйкес көшбасшылықты және басқаруды арттыру жолдары;
- Педагогикалық инновациялар мен озық білім беру тәжірибесі туралы мектепке енгізілген әдіс-тәсілдер
- Ұйымды өзгерту мен дамытуға бағытталған көшбасшылық стилі:
- Трансформациялық көшбасшылықтың негізгі қағидалары.
- Оқыту сапасын арттыру әдіс-тәсілдері мен стратегиялары

**3.2 Қауіпсіз орта, қолжетімді білім беру**

- Мектеп медиациясы әдісі мен медиативті тәсілдің негіздерін дайындау және оқытуды ұйымдастыру жолдары.

**3.3. Тәрбие иделогиялары**

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша әлеуметтік жоба, тұжырымдама т.б.б
- Тәрбие парадигмасы жолдарының концептуалды моделі;
- Құндылыққа бағдарланған білім беруді оқу пәндеріне кіріктіру.(әлеуметтік ғылымдар, тілдер және музыка арқылы құндылықтарды оқыту)

**4. Байқауды өткізу кезеңдері мен мерзімдері**
Байқау 3 кезеңде өткізіледі.

**4.1. Өтінім беру кезеңі**
- мерзімі: ***18-29 тамыз, 2025 жыл.***
-қатысушылар таңдаған бағыттары бойынша жоба сипаттамасын, қажетті құжаттарды жібереді.
**4.2. Іріктеу кезеңі.**
- мерзімі: ***01-05 қыркүйек, 2025 жыл.***
-сараптама комиссиясы ұсынылған жобаларды бағалайды және финалистерді іріктейді.
**4.3. Финал**
- мерзімі: ***25 қыркүйек, 2025 жыл.***
- финалистер өз жобаларын қазылар алқасының алдында ұсынады және қорғайды.
**5. Өтінімдерді беру тәртібі**
5.1. Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:
- Қатысуға өтінім (белгіленген нысанда).
- Жұмыс тәжірибесі мен жетістіктерін дәлелдейтін Ақпараттық карта.
-Таңдалған бағыт бойынша жобаның сипаттамасы
-Ұсыныс хат (бар болса).
5.2.Құжаттар электрондық түрде zh.nusipzhan@astana-modern.edu.kz электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

**6. Жобаны ресімдеуге қойылатын талаптар**

**6.1. Жобаны сипаттау құрылымы:**
- Титул парағы: жобаның атауы, бағыты, қатысушының аты-жөні, білім беру ұйымының атауы.
- Аңдатпа: жобаның қысқаша сипаттамасы (100-150 сөзге дейін).
- Кіріспе: тақырыптың өзектілігі, жобаның мақсаты мен міндеттері.
- Негізгі бөлім:
  - инновациялық бағыттардың сипаттамасы.
  - тиімді, зерттеу әдістері мен құралдары.
  - ұзақмерзімді бағдарлама және іске асыру кезеңдері.
- Күтілетін нәтижелер:
  - қысқа және ұзақ мерзімді әрекеттер.
  - нақты, дәлелді көрсеткіштері.
- Қорытынды: жобаның қорытындылары мен іскерлік үрдістер.
- Қосымшалар: диаграммалар, кестелер, фотосуреттер (қажет болса).

**6.2. Техникалық талаптар:**
- Көлемі: негізгі мәтін 20 бет (қосымшаларды қоспағанда).
- Құжат пішімі: Microsoft Word (.doc немесе .docx).
- Қаріп: Times New Roman, өлшемі 12 pt.
- Жол аралығы: 1.5.
- Өрістер: барлық жағынан 2 см.

**7. Жобаларды бағалау өлшемшарттары**
7.1. Инновация және негізгі ерекшеліктер – 10 балл.
7.2. Практикалық басқару әдістері – 10 балл.
7.3. Құндылыққа бағытталған білім мен тәрбие үрдістері – 10 балл.

7.4. Жобаның табыс факторлары -10 балл
7.5. Өзгерістер мен күтілетін нәтижелер -10 балл
7.6. Жобаны қорғау -10 балл
7.7. Жобаның өзектілігі – 10 балл
7.8 Жаңашылдығы, өзіндік ерекшелігі - 10 балл
7.9. Презентацияны қорғау дағдылары – 10 балл
7.10. Жобаның шынайылығы және іске асырылуы – 10 балл

**Жоғары шекті ұпай саны - 100 балл** (екі кезең бойынша)

**І-кезеңнің баллдық бағалау өлшемшарттарының мазмұны**

| Бағалау өлшем шарттары | Өлшемшарт мазмұны | Шекті балл |
|---|---|---|
| **Инновация және негізгі ерекшеліктер** | Жаңа идеялар, әдістер өзгерістер енгізу процесі .<br>Инновацияның негізгі ерекшеліктері, концепциялар, модельдер маңыздылығы және олардың тиімділігі<br>Жоба идеясының даму қағидаттары<br>Креативтілік және зерттеулер | |
| **Практикалық басқару әдістері** | Идеяның жүзеге асырылу мүмкіндігі, оның нақты өмірде қолданылу әлеуеті | |
| **Құндылыққа бағытталған білім мен тәрбие үрдістері** | Құндылыққа бағытталған білім мен тәрбиенің аспектілері | |
| **Жобаның табыс факторлары** | Жобаның сәттілігі мен тиімділігі<br>Ресурстарға сәйкестігі | |
| **. Өзгерістер мен күтілетін нәтижелер** | Жобаның жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін жоспар мен стратегиясы | |

**ІІ- кезеңнің баллдық бағалау өлшемшарттарының мазмұны**

| Бағалау өлшем шарттары | Өлшемшарт мазмұны | Шекті балл |
|---|---|---|
| **Жобаны қорғау** | Жобаның негізгі идеясы, зерттеу нәтижелері мен ұсыныстардың логикалық түрде баяндалуы. | |
| **Жобаның өзектілігі** | Жобаны зерттеудің құндылығы, ғылыми тұрғыдан маңыздылығы. | |
| **Жаңашылдығы, өзіндік ерекшелігі.** | Жаңа тәсіл, білім беру жағдайын жетілдіру | |
| **Презентацияны қорғау дағдылары** | Слайд, графиктер мен диаграммалардың сапасы мен тиімділігі.<br>Сөйлеу дағдысы, дикция, интонация және аудиториямен байланыс орнату.<br>Комиссия мүшелерінің сұрақтарына нақты және сенімді жауап беру. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Уақытты басқару, белгіленген уақыт шеңберінде презентацияны өткізу. | |
| **. Жобаның шынайылығы және іске асырылуы** | - Жоба идеясы мен мақсатының нақты білім беру жағдайында іске асыру кезіндегі сәйкестігі | |

**8. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

8.1. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы үш жеңімпазды анықтап, дипломдар табыстайды:

- Бірінші орын – І-дәрежелі диплом.
- Екінші орын – ІІ-дәрежелі диплом.
- Үшінші орын – ІІІ-дәрежелі диплом.

8.2. Финалдық кезеңге қатысқан барлық қатысушыларға байқауға қатысқаны үшін сертификаттар беріледі.

**9. Сараптама комиссиясы және қазылар алқасы**

9.1.Жобаларды бағалау үшін білім беру, басқару, инновациялар саласындағы мамандардан және серіктес ұйымдардың өкілдерінен сараптамалық комиссия құрылады.

9.2.Комиссияның құрамын ұйымдастырушы бекітеді және қатысушылардың назарына жеткізеді.

9.3.Әділқазылар мүшесі ретінде білім беру, басқару, инновациялар саласындағы мамандардан және серіктес ұйымдардың өкілдері алынады.

**10. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

10.1. Қатысушылар құқығы:

- Байқауға қатысу мәселелері бойынша ақпарат және кеңес алу.

- Жобаны қорғау кезінде тұлғалық, өзін-өзі дамыту құқығын ұстану.

10.2. Қатысушылар міндетті:

- Менеджменттік ақпарат пен түпнұсқа материалдарды ұсыну.

- Осы Ережеде белгіленген мерзімдер мен талаптарды сақтау.

**11. Ұйымдастырушы құқығы**

11.1. Ұйымдастырушы құқығы:

- Ұсынылған материалдардың авторлығын көрсете отырып, коммерциялық емес мақсаттарда пайдалану.

- Қатысушыларды хабардар ете отырып, байқауды өткізу мерзімдері мен шарттарына өзгерістер енгізу.

## 1-ҚОСЫМША. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ НЫСАНЫ

**КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ**
«**Заманауи мектеп көшбасшысы**» байқауы

1. Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты:
______________________________________________

2. Туған күні:
______________________________________________

3. Білім беру ұйымының атауы:
______________________________________________

______________________________________________

4. Ұйымның мекенжайы:
______________________________________________
Телефон:
______________________________________________
Электрондық пошта:
______________________________________________
Мектеп сайты:
______________________________________________
5. Директор қызметінде еңбек өтілі:
______________________________________________

6. Конкурсқа қатысу бағыты: (қатысатын бағытты белгілейсіз)
**Трансформациялық көшбасшылық -**
**Қауіпсіз орта, қолжетімді білім беру -**
**Тәрбие иделогиялары -**

7. Қатысатын бағыт бойынша жобаның атауы:
______________________________________________
______________________________________________

8. Жобаның қысқаша сипаттамасы (100-150 сөзге дейін):
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________

9. Өтінімді тапсыру күні
«____» ______________ 20__ ж.

10. Қатысушының қолы:
__________________________